

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 4 мамырдағы № 140 қаулысы. Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 29 мамырда № 9-17-77 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 5 қаңтардағы № 2 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2010.01.05 № 2 қаулысымен.

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 543 қаулысына және "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруын жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2009 жылғы 20 сәуірдегі № 157 қаулысына сәйкес Сарыкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылуға немесе кейінге қалдыруға құқығы жоқ ер азаматтар, сондай-ақ шақыруды кейінге қалдыру құқығынан айырылған азаматтарды, сонымен қатар жиырма жетіге жасы толмаған оқу орындарынан шығарылған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметті белгіленген мерзімде өтемеген азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында мерзімді

әскери қызметке кезекті шақыруды өткізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Шақыру комиссиясының құрамы және шақыруды өткізу кестесі 1, 2 қосымшаға келісе бекітілсін.

3. "Сарыкөл орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының (МКҚП) бас дәрігеріне (Ж.К. Құсаинов) (келісім бойынша) ұсынылсын:

1) кезекті шақыруды өткізу үшін аудандық медициналық комиссияны дәрігер мамандармен толықтырсын;

2) шақырылуға тиісті шақырылушылардың сапалы қабылдауын, анализдерінің қорытындыларын өңдеуін және беруін ұйымдастырсын;

3) шақырылушылардың тексеруін және емдеуін өткізу үшін 10 төсек орын бөлсін, тексеру және емдеу актілерін Қостанай облысы Сарыкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне 3 күндік мерзімде тапсырсын;

4) шақыру пунктін қажетті мүлік, дәрі-дәрмек, құрал-саймандармен қамтамасыз етсін.

4. "Сарыкөл ауданы ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (ММ) бастығына (С.К. Медетов) (келісім бойынша) шақыруды өткізу және командаларды жөнелту кезеңінде ұсынылсын:

1) мерзімді әскери қызметке шақырудан жалтарып жүрген шақырылушыларды жеткізуге жәрдем етсін;

2) шақыру комиссиясының жұмыс істеу кезеңіне және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне жөнелту күндерінде қоғамдық тәртіпті қалпында сақтау үшін Қостанай облысы Сарыкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі "ММ" өтініміне келісе полиция нарядын бөлсін.

5. Ауылдық округтердің және Сарыкөл кентінің әкімдері әскерге шақырылушыларды комиссияға келу және жиналу пунктіне жіберу үшін уақытында және толық хабарландыру жөнінде шаралар қабылдасын.

6. Ауданның кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер бастықтарына ұсынылсын:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне жөнелтуге шақыру қағазын алған шақырылушылармен уақытында есеп айырсын;

2) қажетті анықтамалар мен мінездемелер беруіне кедергі жасамасын;

3) мүмкіндігінше шақырылушылардың салтанатты шығарып салуын ұйымдастырсын.

7. "Сарыкөл ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" ММ (Т.И. Лысяк) аудан бюджетінде ескерілген мөлшерде "Қостанай облысы Сарыкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" ММ (В.В. Слободюк) өтінімі бойынша белгіленген мерзімде шақырудың қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

8. Берілген қаулының орындалуына бақылау жасау Сарыкөл ауданы әкімінің

орынбасары С.М. Дүтпаевқа жүктелсін.

9. Осы қаулы ол алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін және 2009 жылдың сәуірінен туындаған іс-әрекеттерге таратылады.

Сарыкөл ауданының әкімі

Қ. Ғабдулин

КЕЛІСІЛДІ

"Қостанай облысы Сарыкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (ММ) бастығы

В. Слободюк

"Сарыкөл ауданы ішкі істер бөлімі" ММ бастығы

С. Медетов

"Сарыкөл орталық аудандық ауруханасы" ГКҚП бас дәрігері

Ж. Құсаинов

Ә к і м д і к т і ң

2009 жылғы 4 мамырдағы

№ 140 қаулысымен бекітілген

Шақыру комиссиясының құрамы

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2009.09.21 № 262 (қолданысқа енгізілу тәртібін т.2 қараңыз) қаулысымен.

Солдат малбақұлы Дүтпаев - Сарыкөл ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары.

Асел Байсұлтанқызы Дандыбаева - шақыру комиссияның хатшысы.

Талғат Қайрбекұлы Өтегенов – "Қостанай облысы Сарыкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (ММ) бастығы, комиссиясының төрағасы (келісім бойынша);

Николай Николаевич Сорокопуд – "Сарыкөл ауданының ішкі істер бөлімі" ММ бастығының орынбасары (келісім бойынша);

Евгений Николаевич Ткаченко - дәрігер-хирург, медициналық комиссияның төрағасы болып.

Ә к і м д і к т і ң

Шақыруды өткізу кестесі

Р/с №	Ауылдық округтің атауы	Барлығы адам	Сәуір							
			9	10	13	14				
1.	Барвин ауылдық округі	17				17				
2.	Веселоподол ауылдық округі	5		5						
3.	Златоуст ауылдық округі	7	7							
4.	Краснознамен ауылдық округі	20			20					
5.	Комсомол ауылдық округі	15		15						
6.	Лесной ауылдық округі	5		5						
7.	Ленинград ауылдық округі	4		4						
8.	Маяк ауылдық округі	12	12							
9.	Севастополь ауылдық округі	9			9					
10.	Сорочин ауылдық округі	18			18					
11.	Тағыл ауылдық округі	8			8					
12.	Тимирязев ауылдық округі	7	7							
13.	Чехов ауылдық округі	7	7							
14.	Сарыкөл кенті	111	13	6	8	5	23	48	8	
15.	"Сарыкөл және құқық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны агробизнес колледжі" қазыналық	30								30
	БАРЛЫҒЫ:	275	46	35	46	39	23	48	38	